



БҮЙРЫҚ

2015 ж. 29 наурызда № 720

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Мемлекеттік кірістер органдарының
жедел-тергеу бөлімшелеріне
(экономикалық тергеу қызметі)
қызметке (окуға) қабылданатын
кандидаттарды іріктеу және алдын
ала зерделеуді жүзеге асыру
қағидаларын бекіту туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ	
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ	
2015	ж. «31» 12
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 12790	
Болып тіркелді	

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) қызметке (окуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов



Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы «29» желтоқсандағы №720
 бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне
 (экономикалық тергеу қызметі) қызметке (оқуға) қабылданатын
 кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Күкік корғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) (бұдан әрі – ЭТҚ) қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Кандидаттар – бос лауазымға орналасу үшін ЭТҚ қызметке кіруге құжаттарды тапсырған Қазақстан Республикасының азаматы (бұдан әрі - кандидаттар).

2. Кандидаттарды іріктеудің негізгі мақсаты:

- 1) жоғары білікті мамандарды анықтау;
- 2) кандидаттардың іскерлік, жеке және моральдық қасиеттерінің қызметтік жұмыстың нақты участеклерінде ЭТҚ қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуін кандидаттың бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін және оның кәсіби құзыретіне сәйкес келу дәрежесін есепке ала отырып анықтау;
- 3) ЭТҚ бос лауазымдарына уақытылы орналасуын қамтамасыз ету.
3. ЭТҚ қызметіне кандидаттарды іріктеудің негізгі қағидаттары:
 - 1) олардың қабілеттіліктері мен кәсіби даярлығына сәйкес лауазымға үміткер кандидаттарға бірдей қол жетімділігі;
 - 2) кандидаттардың объективтілігі және кәсіби жеке қасиеттерін жанжақты бағалау;
 - 3) кәсіпқойлық;
 - 4) ашықтық;
 - 5) занылдық болып табылады.

2. ЭТҚ қызметіне (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары

4. ЭТК қызметіне тұсу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5. Жұмыстан шығарылған, не теріс себептері бойынша өз өкілеттіктерін тоқтатқан тұлғаларды қоспағанда, құқық қорғау органдарының білім беру үйымдарында оку бітірген тұлғалар, бұдан бұрын құқық қорғау органдарының қызметкерлері және әскери қызметшілер, Парламенттің депутаттары болып табылған тұлғалар, саяси мемлекеттік қызметкерлер, өз өкілеттіктерін тоқтатқан судьялар, және тиісті біліктілік талаптарына ұсынылған тұлғалар ЭТК-ға конкурстық іріктеуден тыс және арнайы бастапқы окудан өтпей орналасады.

6. ЭТК қызметіне қабылданатын кандидаттарды іріктеу, олардың алдын ала зерделеу бойынша жұмысты үйымдастыру, кандидаттардың тағайындалуы болжанатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) және облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің, «Достық» кеденінің (бұдан әрі – аумақтық органдары) ЭТК басшыларына және кадр қызметіне жүктеледі.

7. ЭТК қызметіне тұсуге ниет білдірген кандидат жазбаша өтінішті (бұдан әрі - өтініш) береді.

1) Комитеттің ЭТК лауазымдарына – Комитет төрағасының атына;

2) аумақтық органдарының ЭТК лауазымдарына – аумақтық мемлекеттік кірістер органы басшысының атына.

8. Кандидат кадр қызметіне өтінішке қоса мынадай құжаттарды табыс етеді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр есебі жөніндегі толтырылған жеке іс парагы (іс жүзінде тұрғылықты орнының мекенжайын және байланыс телефондарын көрсете отырып);

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (диплом мен қосымшасы);

5) әскери қызмет өткөргені немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған үйымдарында әскери оқытылған резервті даярлау жөніндегі әскери даярлықтан өткені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке әскерге шакырудан босатылғаны немесе кейінге қалдырылғаны туралы растайтын құжаттың көшірмесі;

6) өлшемі 3*4 фотосурет (4 дана);

7) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған қолмен немесе басылған түрде жазылған өмірбаянын;

8) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

9) егер құжат тігетін папкаға салынған арнаулы атақты беру туралы немесе біліктілік сыныбын белгілеу туралы (бұрын басқа құқық қорғау органдарында қызмет өткөрнедерге арналған) бүйректан үзінді болса, қоса берілетін

құжаттардың тізбесін көрсете отырып, жұмыстан шығару туралы бұйрықтан үзінді.

Құжаттардың көшірмелерін қабылдаған кезде салыстыру үшін олардың тұпнұсқалары қараптырылады немесе нотариалды қуәланыштырылған көшірмелері қабылданады.

Кандидаттар олардың біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсынады.

9. Кандидаттың жеке басын зерделеу процесінде оның бар біліміне және арнайы даярлығына сәйкестігі, ол тағайындалатын лауазымға қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігі, отбасы жағдайы, енбек жолы анықталады.

Осы Қағидаларға 10-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс еткен кандидат, ЭТҚ тиісті бөлімшесінің басшысында әңгімелесуден өтеді.

10. Кадр қызметі зерделеу нәтижелері және оның ЭТҚ басшысымен әңгімелесу қорытындысы бойынша кандидатты ЭТҚ қызметіне іріктелгені туралы немесе іріктеуден дәлелді бас тартуы туралы хаттама түрінде ресімделетін бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін көрсетумен тиісті нәтижесі бар қорытынды шығарады.

Хаттамаға кандидаттың құжаттарын зерделеген кадр қызметінің басшысы және қызметшісі, кандидатпен әңгімелесу жүргізген ЭТҚ басшысы қол қояды.

Кандидатқа іріктеудің қабылданған шешімі туралы кадр қызметі кандидаттардың электрондық мекенжайларына және мобильді телефондарына ақпаратты жолдау арқылы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

11. Қызметке кандидатты іріктеу бойынша мәселе оң шешілген кезде ЭТҚ қызметіне кандидаттардың ведомстволық деректер банкіне кандидаттың деректерін енгізу туралы шешім қабылданады.

Комитеттің және оның аумақтық органдарының кадр қызметі, кандидаттың деректерін қызметке кандидаттардың ведомстволық деректер банкіне олардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін көрсетумен енгізеді.

Мемлекеттік кірістер
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріне (экономикалық
тергеу қызметі) қызметке (оқуға)
қабылданатын кандидаттарды
іріктеу және алдын ала зерделеуді
жүзеге асыру қафидаларына
1-қосымша

Нысан

(мемлекеттік кірістер органдарының атауы)

Отініш

Мені _____
бос лауазымға орналасу үшін іріктеуге қатысуға жіберуінізді сұраймын.

Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қафидаларының негізгі талаптарымен таныстым.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

қолы

Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде)

«____» ____ 20 ____ ж.

Мемлекеттік кірістер
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріне (экономикалық
тергеу қызметі) қызметке (окуға)
қабылданатын кандидаттарды
іріктеу және алдын ала зерделеуді
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Кадр есебі жөніндегі жеке
ІС ПАРАФЫ**

**ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК
по учету кадров**

Тегі _____
Фамилия _____

аты _____
имя _____

әкесінің аты _____
отчество (при его наличии)

2. _____
тегінізді, атынызды, әкеңіздің атын өзгерктен болсаңыз, қашан, қайда және қандай себеппен
өзгерктенінізді көрсетіңіз
если изменяли фамилию, имя или отчество (при его наличии), то укажите их, а также когда, где и по
какой причине изменили

3. Жынысы _____
Пол

4. Туган күні, айы және _____ жылы _____
Год, число и месяц рождения

Тұған жері _____
Место рождения (село, ауыл, қала, аудан, облыс, өлкө, республика)
(село, деревня, город, район, область, край, республика)

6. Ұлты _____
Национальность

7. Азаматтық _____
Гражданство

8. Білімі _____
Образование

Фотосуретке
арналғанорын
(3x4)
Место для
Фотокарточки

Оқу орнының атавы және оның тұрган жері Название учебного заведения и его местонахождение	Түсінкілік Год поступления	Бітіргенне месешиккінде анжылы Год окончания или ухода	Бітірмесе, қайкурстанкетті Если не окончил, то с какого курса ушел	Қандайма мандықбоғыншабілі малды По какой специальности обучался	Оқуорның бітіргенсоң, кімболовшықты, диплом немесекуәлік номірін көрсегүтерек Какую квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения

9. Қандай шетел тілдерін білесіз (оқи аласыз ба, әлде сөздікпен аудара аласыз ба, әлде түсінісе аласыз ба, еркін сейлейсіз ба)

Какими иностранными языками владеете (читаете и переводите со словарем, читаете и можете, объясняетесь, владеете свободно)

10. Фылыми дәрежеңіз, фылыми атағыңыз (қашан берілген, дипломдарының номірі)

Ученая степень, ученое звание (когда присвоены, номера дипломов)

11. Қандай фылыми енбектеріңіз берілген, дипломдарының номірі

Какие имеете научные труды и изобретения

12. Еңбек жолыңыз (жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыган жылдарыңыз, әскери қызмет, қоса атқарған жұмысыңыз, кәсіпкерлік қызметтіңіз және т.б. түгел жазылады)

Бұл тармақты толтырганда мекемелер мен кәсіпорындар кезінде қалай аталса, сол қалпында берілсін, әскери қызметтің лауазымы мен әскери бөлімі қоса көрсетілсін

Трудовая деятельность (включая учебу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу, работу по совместительству, предпринимательскую деятельность и т.п.)

При заполнении данного пункта учреждения организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в свое время, военную службу записывать с указанием должности и номера воинской части

Айы және жылы Месяц и год		Қызметі, мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ак министрлік (ведомство) қоса көрсетілсін Должность с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства)	Мекеме, ұйым, кәсіпорының тұрган жері Местонахождение учреждения, организации, предприятия
келген вступления			
кеткен ухода			

✓
✓

13. Жақын туыстарыңыз (әкеңіз, шешеніз, бауырларыңыз, апа-қарындастарыңыз және балаларыңыз), сондай-ақ жұбайыңыз (зайыбыңыз):

Ваши близкие родственники (отец, мать, братья, сестры и дети), а также муж (жена):

Социальные представители (отец, мать, братья, сестры и дети), а также муж (жена):				
Түркістандың деңгейі Степень родства	Тегі, аты, әкесінінаты Фамилия, имя, отчество ¹	Тұғанжері, датасы Дата, место рождения	Жұмысорны, қызметі Место работы, должность	Тұрғылықтымекен- жайы Адрес местожительства

Егер туыскандарыңыз фамилиясын, атын, экесінің атын өзгерткен болса, олардың бұрынғы тегін, атын, экесінің атын қоса көрсетіңіз

Если родственники изменяли фамилию, имя, отчество, то необходимо указать их прежние фамилию, имя, отчество (при его наличии)

14. Қандай мемлекеттік және өзге марапаттарының бар

Какие имеете государственные и другие награды (кашан, немен марапатталдыңыз) и (когда и чем награждены)

15. Эскери қызметке қатысыңыз және әскери атағыңыз

Отношение к воинской обязанности и воинское звание

16 Кұрамы

Состав (командалық саяси, әкімшілік, техникалық жағынан б.)

17. Decken typi

17. Оскер Гүрт _____
Род войск _____

(командный, политический, административный, технический, ...)

18. Мекен жаңынан басылғады

18. Мекен-жайыңыз бер тел

Домашній адрес та телефон
« » 20 г. Овідіополіс

Начало

(Личная подпись
(дата заполнения)
(Жеке іс парагын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы (білім, ғылыми дәреже, атақ алуы т.с.с.)
қызмет орнына хабарлауға міндетті. Бұл мағлұматтар жеке іс қағазына енгізіледі). (Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях (образование, присвоение ученой степени, ученого звания и т.п.) сообщать по месту работы для внесения этих изменений в листок).

Мемлекеттік кірістер
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріне (экономикалық
тергеу қызметі) қызметке (окуға)
қабылданатын кандидаттарды
іріктеу және алдын ала зерделеуді
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Ө М И Р Б А Я Н
А В Т О Б И О Г Р А Ф И Я

Өз қолымен еркін толтырылады, алайда тәмендегідей деректер міндепті түрде көрсетілуге тиіс: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және туған жері; қай кезден, қандай қызметте, қай жерде жұмыс істеді; қашан жұмыс істей бастады, жұмыстан босау, ауысу себебі; Қарулы Құштер қатарына қызмет етуге қашан шақырылды, қайда және қандай қызмет атқарды; әкесінің, шешесінің, жұбайының (ерінің), туған әпке-қарындастарының (сіңіллерінің), бауырларының және балаларының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні. Өзі, жұбайы (ері) және жақын туыстары қылмыстық жауапқа тартылған ба (қашан, не үшін).

Пишется собственноручно в произвольной форме, но с обязательным указанием следующих сведений: фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата и место рождения; с какого времени начал работать, кем, где, когда где работал(а), причины перехода; когда и кем призывался на службу в Вооруженные Силы, где и в качестве кого проходил службу; фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата, месяц и год рождения родителей, жены (мужа), детей, близких родственников; привлекались ли Вы, Ваша жена (муж) и родственники к уголовной ответственности (когда, за что).

